

*Құрметті
халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияға қатысушылар!*

*Қазақстандағы жоғары білімнің қара шаңырағына
айналған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті бүгінде білімді мамандардың ұстаханасына
айналып отыр.*

*Бұл - оқытушылар қауымының тынымсыз еңбегінің және
жастардың ілім мен ғылымға деген құштарлығының жемісі.*

*Университетке 20 жылдан астам уақыт бойы
жетекшілік еткен Тоқсұхалиев Садықов білім ошағымен
қатар, еліміздегі педагогика саласын дамытуға зор үлес қосты.*

*Мыңдаған шәкіртке ұстаздық етіп, ғылыми еңбектері
мен тарихи зерттеулерін мұра етіп қалдырған академиктің
жұмыстарына шетелдік ғалымдардың қызығушылық танытуы
қуантады.*

*Академиктің 80 жылдық мерейтойына арналған бүгінгі
іс-шара өз жемісін беретініне сенімдімін.*

*Оқу орнының ұжымына шығармашылық табыстар
тілеймін.*

Ізгі ниетпен,

А. С. Салиев